

# Ленин туғи

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 43 (7003)

Сенбі 3 Март 1945 жыл

Шығуына 27-ші жыл  
Жеке саны 20 тыйын

## Мал шаруашылығын өркендетуде партия мен үкметтің қаулылары мүлтіксіз орындалсын

БҚ(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі «Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» қаулысы және ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің өткен жылғы 12 майдағы «Қазақ ССР қолхоздарында мал шаруашылығын өркендету беру шаралары туралы қаулысы Қазақстанда мал шаруашылығын өркендету беру ісінде республикамыздың партия совет, комсомол ұйымдарының, сол сияқты жер орындарының, колхоз, совхоздардың айбынды жұмыс программасы болып табылады.

БҚ(б)П Орталық Комитеті мен Одақтық Халық Комиссарлары Советінің осы тарихи қаулыларын орындай отырып, республикамыздың көптеген колхоздары, совхоздары мен аудандары және кейбір облыстары табыстарға жетіп, олар өткен 1944 жылы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындап шықты. Мысалы Гурьев облысының колхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінде айта қалғандай табыстарға жетіп, 1944 жылы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын малдың барлық түлігінен асыра орындады. 1944 жылы бұл облыста сыйыр малының саны—18,4 процент, қой мен ешкі саны 35,1 процент, жылқы 20 процент көбейді.

Одақтық Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша Гурьев облысына және осы облыстың Новобогат ауданына колхоздық мал шаруашылығын өркендетуде және оның өнімін арттыруда жақсы нәтижелерге жеткені үшін Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Тулары берілді.

Гурьев облысының колхоздары мал қысқатуға жақсы әзірленіп қана қоймай, сонымен бірге қазір мал қысқату ісін үлгілі өткізуде. Малдар барлық жерде де азықпен қамтамасыз етілген. Осының нәтижесінде бұл облыстың көп колхоздарында малдардың күйі көңілдегідей болып отыр. Бұл облыстың Новобогат ауданының Молотов, Чкалов атындағы колхоздарында мал күтімі өте жақсы. Бұл колхоздарда қыс басталғаннан бері бірде бір мал шығын болмаған. Гурьев облысының Еспол ауданындағы Степан Разин атындағы колхоздың екінші қой фермасының (ферма меңгерушісі Сейтқалиев Әбдіғали) 6000 қоймен ешкісі қазір «Толыбай» деген жерде қысқы жайылымда. Мұнда да бірде бір мал шығын болған емес.

Республикамызда 1944 жылы малдың барлық түлігін алғанда мал саны 132,2 мың бас артты. 1943 жылмен салыстырғанда республиканың колхоздарында төл шығыны да сондай-ақ ірі малдардың шығыны да кеміді.

Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан Алматы және Жамбыл облыстарының колхоздары сыйыр малы, қой мен ешкі және жылқы жөнінен мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындады. Одақтық Халық Комиссарлары Советі Қарағанды облысының колхоздары қоғамдық малды өркендету жөнінде жұмысты жақсы істегендігін өзінің қаулысында атап көрсетті.

Өткен 1944 жылдың ішінде колхозшылардың жеке меншігіндегі малдардың саны бірқыдыру көбейді; мысалы 1944 жылғы 1 январьдағы малмен салыстырғанда колхозшылардың жеке меншігіндегі сыйыр малы—13,1 процент, қой мен ешкі 28,4 процент көбейді.

Совхоздарымызда да 1943 жылмен салыстырғанда өткен жылы мал саны артты; сонымен бірге ірі мал мен төл шығыны азайды.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің осы жылғы январьдың аяқ шенінде болып өткен XII Пленумы мал шаруашылығын өркендетуде республикамыздың көптеген колхоздары, совхоздары мен аудандарының және кейбір облыстарының қолы жеткен табыстарын көрсете келіп, республикамыз тұтас алғанда 1944 жылы мал шаруашылығын өркендетудің қорытындыларын қанағаттанғысыз болды деп атап көрсетті. Республика колхоздары мал өсірудің мемлекеттік жоспарын қой мен ешкі жөнінен ғана

орындап, жылқы мен сыйыр малы жөнінен жоспарды орындай алмады.

Республиканың совхоздарында да мал өсірудің мемлекеттік жоспары толық орындалмады.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің XII Пленумының 1944 жылғы мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының орындалу қорытындылары және Қазақ ССР қолхоздары мен совхоздарында мал қысқатудың барысы туралы қаулысында: «Малдың өсуінің қанағаттанғысыз болуы партия, совет ұйымдарының, жер орындарының, колхоз басшылары мен совхоз директорларының әлі күнге дейін төлдейтін малдың қысыр қалуын жоюға, ауыл шаруашылық малдарын шағылыстыру ісіне, асыл тұқымды өндіріс малдарын өсіруге және мал төлдету науқанын жақсы өткізуге жетекшілік бермей келгендігінен болды» деп атап көрсетілді. Республикамыздың барлық партия, совет ұйымдары, жер орындары және колхоз, совхоз басшылары Пленумының бұл қаулысынан тиісті қорытынды шығарып, мал шаруашылығын өркендету ісінде болып отырған бұл сияқты елеулі кемшіліктерді тез жоюға барлық күшті жұмсаулары керек.

Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Семей, Талды қорған облыстарында төл мен ірі малдың шығыны көп болды. Оның үстіне облыстар мен аудандардың көптеген партия совет ұйымдары, жер орындары соңғы кезінде малды сойып-сату ісіне шек қою жөнінде үкмет пен партия белгілерін шараларды мүлтіксіз орындау жолында хажетті күрес жүргізбеді. Әсіресе Талды қорған, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының колхоздарында қоғамдық малдың талан-таражға салынуына көбірек жол берілді.

Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен БҚ(б)П Орталық Комитетінің 1943 жылғы 12 майдағы «Қолхоздар мен совхоздарда жылқы санын көбейту, оның бағыллы-күтілуін оңдау шаралары туралы» қаулысын орындау жолында көптеген партия, совет ұйымдары, жер орындары қажырлы күрес жүргізбей келеді.

Мал азығын дайындау ісіне жауапсыз қараушылық әлі де жойылмай келеді. Малдың шөппен және құнарлы азықпен қамтамасыз етілгендігі басыра жерде малды жазда жаю қанағаттанғысыз ұйымдастырылғандығы және мал күтімінің нашарлығы мал шаруашылығы өнімінің төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің XII Пленумы Қазақстанның партия, совет ұйымдарының, жер және совхоз орындарының мал шаруашылығын өркендету жөніндегі 1945 жылғы міндеті «БҚ(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі «Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» қаулысын және Одақтық Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 12-майдағы «Қазақ ССР қолхоздарында мал шаруашылығын өркендету беру шаралары туралы» және 1944 жылғы 24 июньдегі «Қазақ ССР қолхоздарында төл өсіру және ірі малды аман сақтау жөніндегі тапсырмаларды асыра орындаған мал шаруашылығындағы колхозшыларға қосымша еңбек ақы беру туралы» қаулысын сөзсіз орындау болады» деп атап көрсетті.

ҚК(б)П Орталық Комитеті Пленумы республикамыздың партия, комсомол, совет ұйымдарының, жер орындарының, колхоз, совхоз басшыларының назарын мал өсіру жоспарын ойдағыдай орындаудың шешуші шарттарының бірі мал қысқатуды жақсы өткізуге аударды.

Жергілікті жерлерде мал азығының үнемделіп ұстауына барлық малдардың әсіресе, назар және арық малдары қалағалап күту ісіне жете көңіл бөлнуге тиіс. Осы жылғы февраль айы ішінде республиканың барлық колхоздары мен совхоздарының негізгі жерлерінде, әсіресе, малды отарлап бағу учаскелерінде мал қысқатудың барысы тексеріліп, тексерудің қорытындылары аудандық атқару комитеттері мен ҚК(б)П аудандық комитеттерінің мәжілістерінде талқыланса (Жалғасы 2-бетте).

теңісіміз неғұрлым жақындаған сайын, қырағылығымыздың солғұрлым арта түсуге тиіс екендігін, жауға беретін соңқымыздың солғұрлым күшті болуға тиіс екендігін естен шағармау керек.

И. СТАЛИН.

## Совет Хабаршы бюросынан

1 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

1 мартта Померания жерінде НОЙШТЕТТЕН қаласының солтүстік-шығыс және солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде ФЛЕММИНГСОРТ, ФЛЕТЕНШТАЙН, ФАЛЬКЕНХАГЕН ХЕЛЬКЕВИЗЕ, НОЙДОРФ, ЦЕХЕНДОРФ, БУХВАЛЬД, ЭШЕНРИГЕ қыстақтарын алды.

БРЕСЛАУ ауданында әскерлеріміз қалада қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, қала маңындағы АЛТХОФНАСС, ГРОССЕ-ЧАНШ қыстақтарын және 10 кварталды алды.

Чехословакияда ЛУЧЕНЕЦ қаласының батыс жағында әскерлеріміз таулы-орманды жерлердің қиын жағдайында қиыннан жасай отырып, ЗАЕЖОВА, НЕРЕСНИЦА, ЗАБАВА, БЗОВИК, СТАРА ГОРА, КЛАСТАВА, БАДАН қыстақтарын алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

28 февральда барлық майдандарда немістердің 48 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 28 самолёті атып түсірілді.

\*\*\*

Померанияда Нойштеттен қаласының солтүстік-шығыс жағында Н. құрамасының бөлімдері дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, ұрыспен алға басуда болды. Флетенштайн ірі темір жол станциясы немістерден тазартылды. Сол сияқты Руммельсбург қаласының оңтүстік жағында 5 километр жердегі тас жолдардың маңызы торабы—Фалькенхаген қыстақтары алынды. Немістер резервтегі әскерлерін әкеліп, оларды келген бетте ұрысқа шығаруда. Совет бөлімдері жаудың барлық қарсы атакаларын тойтарып, дұшпанды орасан көп шығынға ұшыратты. Нойштеттен қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз көлді ауданнан өтіп, бірнеше елді жерлерді алды. Немістер бұл елді жерлерді айнала қорғану бекіністерін жасау үшін алдын ала әзірленген болатын. Совет бөлімдері бір күн ішінде дұшпанның 2000нан аса солдатты мен офицерін жойып, жаудан 400 адам қолға түсірді. Немістердің 9 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртеді, қыйратылды. Немістерден бүгін күйінде 16 самолет, 18 зеңбірек, 6 склад және басқа олжа қолға түсірілді.

\*\*\*

Бреслауда әскерлеріміз қалада қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын қоршау шеңберін қысқаққа алуда болды. Әрбір көше мен әрбір үй үшін кескілескен ұрыстар болып жатыр. Н. бөлімінің жауынгерлері қала маңындағы Гросс-Чанш қыстағын немістерден тазартты. Екінші бір бөлімдеріміз біліктерге бекіткен дұшпанның қарсылығын жеңіп, қала маңындағы Альтхофнасс қыстағын алды. Қала маңындағы қыстақтардың көшелерінде неміс солдаттары мен офицерлерінің жүздеген өліктері жайрап жатыр. Совет артиллерияшылары шабуылшы топтарымызбен бірлесіп қиын жасап, немістердің 90нан аса атыс бекінісін талқандады. Бөлімшелеріміз Вольфтин ірі металлургия заводы маңында ұрыстар жүргізді. Цех үйлерінің қабырғаларын бүркемеленіп гитлершілдер қасарыса қарсылық көрсетуде. Ұрыстар оқтын-оқтын қолма-қол айкаса айналууда. Совет жауынгерлері қауыршы шабуыл жасап, завод алаңының теңізартысын дұшпаннан тазартты. Жаудан 10 зеңбірек, 32 пулемет тағы басқа олжа және 200 адам қолға түсірілді.

\*\*\*

4-Украин майданының бір учаскесінде дұшпан өз шебін жақсартуға тырысып, ата-ка жасады. Немістер бір полктей жаяу әскерлерін ұрысқа шығарды. Н. бөлімінің гвардияшылары гитлершілдерге екі жақ қанаттан соққы беріп, оларды алғашқы шептеріне қарай қуып тастады. Ұрыстың барысында 200дей неміс жойылды.

\*\*\*

2-Белорус майданының әскерлері немістердің 2-армиясының қолбасшысы генерал-полковник Вейстың 1945 жылғы 3 февральдағы бұйрығын қолға түсірді. Бұйрықта былай делінген: «Армия тылы ауданында ауыр сындарға ұшырап отырған империя үшін күреске қатысқысы келмейтін қоян жүрек қорқақтар мен қашқындар топтары босып жүр. Қашқындар елдің алыс тылына қарай көшірілетін жай халықтардың қатарына қосылуда. Өзіне мәлім әрбір қашқын жөнінде дер кезінде хабар бермеген және оны ұстап алмаған әрбір солдат пен офицер опасызды жасауға қатысқан адам ретінде жауапқа тартылады. Босып жүрген қоян жүрек қорқақтар мен сабогтышылдарды тұтқыға алу кезінде оларға қорлық көрсетудің барлық шараларын қолдану керек, «қашқың» және «саботажшы» деп атап оларды қайткен күнде залалсыздығын хабарлау керек. «Күрестен ештеңе шықпайды, жақын арада есік тартылатын, біз қамсауда қаламыз» деген тырысқан әрбір адам бүгін таңда ауыр қылмысты болып табылады. Бұдан әрі неміс генерал-полковник Вейс былай деп бұйрық береді: «Әрбір коопаста дереу көшпелі дала соты құрылсын».

Немістердің 2-армиясы қолбасшысының бұл бұйрығы назар аударарлықтай. Неміс генералы Вейс жеке адамдар ғана емес сол сияқты топ-топ солдаттардың ұрыс алаңынан қашып шығып, тылда жасырынатын жүйелілігін мойындауға мәжбүр болып отыр. Неміс солдаттары жаңа жағдайға икемделіп, азаматтардың киімдерін киюде, сөйтіп босқындар тобымен бірге тылда кетуде. Генерал Вейс сол сияқты «немістердің күресі—үмітсіз күрес» деп есептеген солдаттарға қарсы шығуда. Вейстің армиясында мұндай солдаттардың қатары мейлінше көп болуы мүмкін.

Гитлершілдер озбырлық шаралар қолданып Германия ұтылған соғысты әлі де жүргізе беруге неміс солдаттарын мәжбүр етуге тырысуда. Алайда оларға жай дала соттары жәрдем бере алмай, сол сияқты көшпелі соттар да көмек бере алмақ емес. Фашистік Германияның толық талқандалатын күні жақындап келеді.

## ССРО Халық Комиссарлары Советінде

### Жазушы Алексей Николаевич Толстойдың мәңгі есте қалдыру туралы

ССРО Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. Жазушы Алексей Николаевич Толстойға Москва қаласында ескерткіш орнатылсын.

2. А. Н. Толстой тұрған Москва қаласындағы Спиридоньевскі көшесінің № 2 үйінде ескерткіш тақтасы орнатылсын.

3. Москва қаласындағы Спиридоньевскі көшесі Алексей Толстойдың атымен аталсын.

4. РКФСР ОГПИЗІНЕ 1945-1946 жыл-

дар ішінде А. Н. Толстойдың шығармаларының толық жыйнағын шығару тапсырылсын.

5. А. Н. Толстой атында мынадай стипендиялар тағайындалсын:

а) Москваның Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінде тіл ғылымдары факультетінің студенттері үшін әрқайсысы 400 сомнан екі стипендия;

б) ССРО совет жазушылары Одағының әдебиет институтында студенттер үшін әрқайсысы 400 сомнан екі стипендия.

## Мал шаруашылығын өркендетуде партия мен үкіметтің қаулылары мүлтіксіз орындалсын

(Басы 1-бетте).

қылануға тиіс. Ашылған кемшіліктерді дер-ғау жоюға қажетті шаралардың бәрі қолда-нылу керек.

Партия, комсомол, совет ұйымдары және жер орындары мал төлдету науқанына әзір-леніп, оны ұйымдасқан түрде өткізуге мін-детті.

Мал шаруашылығын өркендету берудің маңызды шарттарының бірі—малды маусым-ды жайылымдарда отарлап бағу жұмысы кең өріс алуға тиіс.

Қазақстан Орталық Партия Комитетінің пленумы Қазақ ССР Жер Халық Комиссар-иятының, Совхоздар Халық Комиссария-тының, ҚК(б)П облыстық, аудандық коми-теттерінің, облыстық, аудандық атқару ко-митеттерінің, колхоздар мен совхоз басшы-ларының назарын мал азығы базасын мық-тап жақсартуға аударды. Пленум бұл жө-нінде істелетін шараларды айқын көрсетіп берді.

Бірыңғай колхоздарда төлдейтін малды сақтау үшін күрес жоқтығын, осының сал-дарынан өткен жылы сыйыр мен саулық-саны азайып кеткенін Қазақстан Қ(б)П Ор-талық Комитетінің пленумы атап көрсетіп, партия, комсомол, совет ұйымдарына жер-және совхоз орындарына, колхоз басқарма-ларына төлдейтін малдардың барлығын да сақтау үшін батыл күрес жүргізуді міндет-теді.

ҚК(б)П облыстық, аудандық комитеттері мен облыстық, аудандық атқару комитет-тері Одақтық Халық Комиссарлары Сове-тінің 1942 жылғы 11 марттағы «Колхоздар мен совхоздарда төлді аман өсіру және мал санын арттыру шаралары туралы» қау-лысын мүлтіксіз орындау негізінде 1945 жылы қорамдық малды бетады жұмсауды азайтуға, қорамдық малды союға, сатуға колхоздарға аудандық жер бөлімдерінің рұқсат беруінің дұрыстығын қатаң бақы-лауға міндетті.

Жергілікті партия, совет ұйымдары кол-хоздарда 1945 жылы мал шаруашылығын өркендету жоспарын уақытылы және дұ-рыс жасауды қамтамасыз етуге тиіс. Мал өсірудің жоспары колхозшылардың жалпы жыйылыстарында кеңінен талқылануға тиіс. Мұнда мал шаруашылығын өркендету ісін-де болып отырған елеулі кемшіліктер және республикамыздың колхоздарының алдына мал санын арттыру және мал шаруашылы-ғының сапасын арттыруда партия мен үк-іметтің қойып отырған міндеттері колхоз-шыларға түсіндіріліп, социалистік жарыс кең өрістетілісін.

Партия, совет ұйымдары 1945 жылы кол-хоздардағы малсыз шаруашылықтарды мал-дандыруға жете көңіл бөлуге міндетті.

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің пленумы тұқымдық мал өсіретін мемлекет-тік шаруашылықтар мен колхоздардың тұ-қымдық мал фермаларының жұмысын жақ-сартуға істелетін шараларды да көрсетіп берді.

Мал шаруашылығы республикамыздың ауыл шаруашылығының негізгі саласы бо-лып табылады. Олай болса партия, комсо-мол, совет ұйымдары, жер және совхоз орындары мал шаруашылығын өркендету мәселесіне күнделікті көңіл бөліп отыруға, Қазақстанда мал шаруашылығын өркенде-те беру жөнінде партия мен үкіметтің қау-лыларын мүлтіксіз орындау күресіне рес-публиканың қалың колхозшылар бұқара-сын бір іскідей жұмылдыруға міндетті. Қа-зақстанның алдымыздағы 25 жылдық ұлы мерекесін республикамыздың алдына мал шаруашылығын өркендетуде партия мен үкімет қойған міндеттерді мүлтіксіз оры-ндаумен қарсы алу—республикамыздың пар-тияда бар және партияда жоқ большевик-терінің айыбы міндеті.

(«Социалистік Қазақстанның» басмақа-ласы).

### ТӨЛ СЕНІМДІ ҚОЛДА

Петропавл ауданындағы «Белсенді» ауыл шаруашылық артелінің мал өсіру-шілері төл алу маусымына тыңғылықты әзірленген еді. Қазір олар төл алу маусы-мын үлгілі өткізуде. 10 сыйырдан және 56 қойдан алынған төлдер төгіс аман сақталуда.

Төл күтуде М. Оразбаева және жас әспірім Ыбыраев жолдастар аябай ең-бек істеп жүр.

Колхозда 7 буаз бие бар. Колхоз пред-седателінің мал шаруашылығы жөнінде-гі орынбасары Ташкин жолдас ол биелер-дің ұқыпты күтілуіне және іш таста-мауына барлық шараларды қолдануда.

Ә. КУШЧЕВ.

## Совет аудандық партия конференциясы

24—27 февральда Совет аудандық XII партия конференциясы болып өтті. Конференцияда аудандық пар-тия комитетінің 1943 жылдың февраль айынан 1945 жылдың февраль айына де-йінгі жұмысы туралы ҚК(б)П аудандық комитетінің секретарі Бойко жолдас есе-п берді.

—Ауданымыздың партия ұйымдары,— деді баяндамашы,—БК(б)П Орталық Ко-митетінің «Қазақстан Қ(б)П Орталық Ко-митетінің жұмысы туралы» 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысы мен ҚК(б)П Орта-лық Комитетінің X және XI пленумдары қаулыларын орындауға колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларын жұмылдыра отырып, ауыл шаруашылық жұмыстары-ның бірнеше саласын табыспен аяқтау-ды баянды етті. Ауданның бірыңғай кол-хоздары мен совхоздары өзінің алда тұр-ған бірінші парызы—мемлекетке астық тап-сыру жоспарын мерзімінен бұрын орын-дап, Қызыл Армия қорына жоспардан-тыс мыңдаған пұт астық берді.

Ауданымызда егіс көлемі едәуір ар-т-ты. Тың жерлер мен тыңайтылған жерлерді өңдеу жұмысы мей-лінше өріс алды. Мұның өзі 1943 жыл-ғымен салыстырғанда егін өнімін екі есе арттырды. Өткен 1942—43 жылдары мем-лекетке 148 мың центнер астық тапсы-рылса, ал 1944 жылдың өзінде 238514 центнер астық тапсырылды. Сөйтіп, мем-лекетке астық тапсырудың жылдық жо-с-пары 106,7 процент орындалды.

Ауданымыздың партияда бар және пар-тияда жоқ большевиктері Отан соғысы күндерінде ауыл шаруашылығының қай саласында болса да қажырлы еңбек іс-теп, еңбек өнімін арттырудың тамаша үл-гілерін көрсетті. Колхоздар, МТС-тар мен совхоздарда естахановшылар қатары ана-ғұрлы көбейе түсті. Істе сыналған таң-даулы адамдардан ҚК(б)П мүшелігіне 61 адам, ал партия мүшелігіне кандидаттық-қа 141 адам қабылданды.

Мұнымен қатар, баяндамашы ауданның партия ұйымдарында үгіт-нәсихат жұмы-сын жүргізу жөнінде едәуір істер істел-генін, коммунистердің білім дәрежесін арттыруда кешкі партия мектептерінің нәтижелі жұмыс атқарғандығын сыпат-тайтын мысалдар келтірді.

—Алайда,—деді Бойко жолдас,—кейбір партия, совет және комсомол ұйымдары соғыс кезінің талабына сай жұмыс іс-тей алмады. Колхозшылар мен жұмысшы-лар арасында тәлім-тәрбие жұмысы жет-кіліксіз. Алынған міндеттемелердің орын-далуы уақытылы тексерілмейді. Таңдау-лы адамдардың іс тәжірибесі басқалардың игілігіне айналдырылмай, келеді. Міне, осының салдарынан аудандағы 45 кол-хоздың 13 ғана мемлекетке ас-тық тапсыру жоспарын орындады. Ал, «Үміткер», «Қаратал», «Теңелдік», «Ер-кіндік» және «Борьба» колхоздары мем-лекетке астық тапсырудың жылдық жо-с-парын не бары 41-52 процент ғана орын-дады.

Аудан бойынша мемлекетке астық тап-сырудың жылдық жоспары орындалса да көптеген колхоздарда керекті тұқым-толық құйылған жоқ. Қолда бар тұқым-ның 78,8 проценті ғана тазартылды. Ал оның шығымдылығы тексеріліп, егіс-тік сапаға жеткізілген жоқ.

Партия ұйымдары мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орын-дау және оның өнімін арттыру жөнінде колхоз, совхоздарға айғарлықтай басшы-лық жасамады. Бірыңғай колхоздарда мал қыстату жұмысы нашар жүргізіліп отыр. Малдарды қысқы жайылымда отар-лап бағу ісі өріс алмай келеді. Мал азы-

ғын дайындаудың жоспары аудан бойын-ша 68 процент ғана орындалды. Аудан бойынша мал шаруашылығын өркендету-дің мемлекеттік жоспары барлық түлін-тен 71,1 процент ғана орындалды. Ал, 1940 жылғымен салыстырғанда тек ірі қара малдың өзінен 3380 мал басы ке-міді. Мұның өзі аудандық партия коми-тетінің колхоздарға айтарлықтай көмекте-сіп отырмайтындығын дәлелдейді.

Турасын айту керек, аудандық комитет коммунистер мен комсомол-жастардың саяси-идеялық білім дәрежесін арттыру ісін ойдағыдай ұйымдастыра алмады. Аудан орталығынан ұйымдастырылған кешкі партия мектебі әлі күнге дейін об-лыстық партия комитеті атап көрсеткен кемшіліктерден арыла алмай келеді. Пар-тия тарихын өздігінен оқушы коммунист-тердің саны тек қағаз жүзінде көрсетіл-гені болмаса, олардың білім дәрежесі тексерілген жоқ. Партия қатарына жаңа да қабылданған жас коммунистерге пар-тияның уставы мен программасын үйре-ту жөніндегі үйірме оқуы бірыңғай уа-қыттан бері тоқтап қалды. Еңбекшілерге саяси және халық аралық жағдай, жара-тылыс таңу, ғылыми тақырыптарда лек-ция оқу ісі жеткіліксіз ұйымдастырылған. Ауданда 265 адам сауатсыз және тала-сауатты бола тұрса да сауат ашу мектебі әлі күнге дейін ұйымдастырылған жоқ, оқу үйлері мен қызыл мүйістер тыңғы-лықты жұмыс істей алмай отыр.

Баяндамашы сөзінің қорытындысында ауданның партия ұйымдарының алда тұрған міндеттеріне тоқтала келіп, істегі кемшіліктерді тез арада жою жөніндегі нақтылы шараларға тоқталды.

Баяндама бойынша 24 адам сөз сөйледі.

—Көктемгі егіске ойдағыдай әзірленіп, оны қысқа мерзімде агротехникалық жо-ғары дәрежеде өткізу,—деді делегат Тұяқбаев жолдас,—бүгін таңдағы айбын-ды міндет. Сондықтан егіннен мол өнім алу жолындағы бүкілхалықтық жорыққа аудан еңбекшілерін жұмылдыра білуге тиіспіз. Міне, сонда ғана алға қойылған міндетті аброймен орындай аламыз. Шы-нында мұндай аса маңызды іске бізде жете көңіл бөлінбей келеді. Аудан басшы-лары колхоздарға барғанша тәжірибесі мол колхозшылармен әңгімелеспейді. Олардың тәжірибесін жұртшылық игілігіне айналды-ру ісімен шұғылданбайды. Ауданда егін және мал шаруашылығының алдыңғы қат-арлы қызметкерлерінің бірде-бір мәсли-хаты өткізілген жоқ. Соның салдарынан, аудандық партия комитетінің ауыл ша-руашылық жөніндегі кейбір қарарлары жалпылама болады. Онда, артта қалған колхоздардың жұмысын жақсарту жөнін-дегі негізгі шешуші шаралар көрсетілмей-ді. Бойко жолдас өзінің баяндамасында егін шаруашылығындағы кейбір кемшілік-терге ғана тоқталды. Бұл кемшіліктер не-ліктен болып отыр, оны жою үшін кан-дай шаралар қолдану керек, міне бұған талдап тоқталмады. Эвено әдісімен жұмыс істеу және агротехникалық шараларды қолдану жұмысымызға қандай нәтиже берді, бұл іске бастауыш партия ұйым-дары басшылығының қандай дәрежеде болғанын атап көрсетпеді.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының табысты болуы,—деді Кудайбергенов жолдас,—үгіт-көпшілік жұмысының ойдағыдай жүргізілуіне байланысты. Бұл іс шын мәнінде тыңғылықты жүргізілген жерде жұмыстың нәтижесі ойдағыдай бо-латындығы және аброймен орындалатын-дығы сөзсіз. Бірақ, Бойко жолдас бұл

сыяқты аса маңызды іске ат-үсті тоқ-талды. Ал, үгітшілердің социалистік жа-рысты еңбекшілер арасына кең өрістетуде қандай жұмыстар істегенін атап көр-сетпеді. Мұның өзі баяндамашының желісі қалай жасалса, іс жүзінде көпшілік ең-бесті жұмысын жүргізуге аудандық пар-тия комитетінің секретарі Бойко жолдас-тың өзінің солдай басшылық жасайтын-дығын көрсетеді. Өткен айда облыстық партия комитеті үгіт-нәсихат жұмыста-рының ауданымызда қалай жүргізіліп жатқандығын ысыпаттайтын елеулі кемшіліктердің бетін ашты. Коммунистер-дің, оның ішінде ауданның бірнеше бас-шы қызметкерлерінің саяси-идеялық бі-лім дәрежесін арттыру ісімен жете шұ-ғылданбайтын атап көрсеткен бола-тын. Бұл жөнінде облыстық «Ленин туы» газеті де бірнеше рет мәселе көтерді. Бірақ, бұл мәселе бюрода қаралып талқыланбады. Ондағы көрсетілген комму-нистердің алдына келешекте білім дәре-жесін көтеру жөнінде талап қойылмады. Нұсқаушылар мен нәсихатшылардың жұ-мысын аудандық партия комитетінің секре-тарлары тексеріп отырмайды. Турасын айтқанда бұлардың не істеп жүргенін Бойко жолдасдың ері де білмейді. Міне, соның салдарынан істің жөйі әлі бұрын-ғы сарынмен жүргізіліп келеді. Тіпті, ау-дандық партия комитеті бюросының шы-ғарған кейбір қаулыларының орындалмай қалған кездері де болды.

Бұдан кейін делегат Естаев жолдас сөз сөйлеп, аудандық партия комитеті-нің әйелдер арасындағы жұмысқа жеткілікті басшылық жасамағанын, майданшылардың үй-іштеріне қажетті көмек көрсетілмегендігін, мұнымен қа-тар қажірлі еңбек істеп жүрген алдыңғы қатарлы әйелдерді партия қатарына қа-былдау ісін ойдағыдай жүргізілмеген-дігін айтты.

Конференцияда облыстық совет атқару комитетінің председатели Мұстафин, ҚК(б)П Орталық Комитетінің нұсқаушы-сы Өтешев жолдастар сөз сөйлеп, бірың-ғай колхоздарда партия ұйымы басшыла-рының коммунистердің авангардтық ролін арттыру ісіне жеткілікті көңіл бөлмегенін, бұл іске аудандық партия комитеті сек-ретарыларының айтарлықтай басшылық жасамағанын, алынған қаулылардың орындалуы дер кезінде тексерілмейтінін айтып өтті.

Конференция аудандық комитеттің жұ-мысын қанағаттанарлық деп тауып, пар-тия ұйымдарының ішкі жұмыстарын ауыл шаруашылық ісіне байланыстыра отырып, жақсартумен бірге жоғарыдағы көрсетілген кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қаулы қа-былдады.

Конференция жабық, жасырын дауыс беру жолымен аудандық партия комитеті-нің пленум мүшелерін және тексеру ко-миссиясын сайлады.

\*\*\*

Конференциядан кейін ҚК(б)П аудан-дық комитетінің бірінші пленумы болып өтті. Пленум аудандық партия комитеті-нің бірінші секретарылығына К. Абдырах-манов жолдасты, екінші секретарылығы-на В. Бойко жолдасты және кадр жөнін-дегі секретарылығына К. Жақыпов жол-дасты сайлады.

Жауапты редактор

В. ОСПАНОВ.

УШ 000139.